

Жария сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 476 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 желтоқсанда № 5327 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына және 71-1 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағы 10) тармақшасына сәйкес және пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия негізінде, Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "КТЗ и КО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер учаскелеріне 31 шілде 2025 жылғы мерзімге дейін жария сервитут белгіленсін.

2. "Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Таскуловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыағаш ауданының әкімі

М. Отаршиев

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 476 қаулысына қосымша

Пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жария сервитут белгіленетін жер учаскелері

№	ж а р и я сервитуттың	соның ішінде:			
		а у ы л шаруашылық	оның ішінде:		
			оның ішінде:		

	Ж е р пайдаланушылар атауы	әрекет ету көлемі (гектар)	мақсатындағы жерлер	егістік	суармалы егістік	к ө п жылдық екпелер	шабындық	жайылым
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Жылға ауылдық округі	258		0,655				255,247

кестенің жалғасы

елді мекендердің жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	орман қорының жері	с у қорының жері	босалқы жер
10	11	12	13	14	15
	2,098				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК